

Батыс Қазақстан облысында егін жинау науқанын жанармай-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 12 тамыз N 1241

Егін жинау жұмыстарын жүргізу кезінде жанармай-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету мәселелерінде қалыптасқан жағдайға байланысты және Батыс Қазақстан облысының отандық ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілеріне көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті белгіленген тәртіппен:

1) Батыс Қазақстан облысының мұқтаждары үшін 500 (бес жүз) тонна көлемінде автомобиль бензинін, 500 (бес жүз) тонна көлемінде дизель отынын алдын-ала төлеу шартымен Қазақстан Республикасы мемлекеттік материалдық резервінен шығаруды;

2) Қазақстан Республикасы мемлекеттік материалдық резервіне

жанармай-жағармай материалдарының жоғарыда көрсетілген көлемдерін 2000 жылдың 30 желтоқсанына дейін қоюды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.